

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-46 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылды 29 қыркүйекте № 3975 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпандағы № 76-303 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 28.02.2020 № 76-303 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарқан ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Сарқан аудандық мәслихатының аппарат басшысы Разбеков Бейсенбай Мерекебаевичке осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Укіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Депутаттар өкілеттігі, заңдылық, заң тәртібін сақтау, әлеуметтік саясат, жастар және қоғамдық үйымдармен байланыс жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының  
кезектен тыс 9 сессиисінің төрагасы  
Сарқан аудандық  
мәслихатының хатшысы

Ж. Игіман  
К. Абдрахманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК